




Оқу бағдарламасына сәйкес күтілетін нәтижелер	Білімділік: Дыбыстық талдау дағдылары (мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілген дыбысы бар сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алу) қалыптасады; дыбысты дұрыс айтуға жаттығады; әріпті таниды, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажыратады; оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады; дыбыстың мағына ажыратушы қызметін түсінеді; жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптерді, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады. Дамытушылық: сөздік қоры байиды; сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрайды; байланыстырып сөйлеуі қалыптасады. Тәрбиелік: ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі.
--	--

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	(Ү) Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Топқа бөлу 1топ – Дауысты 2топ – Дауыссыз Психологиялық ахуал орнату. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! «Қол шатыр» ойыны арқылы өткен сабақты пысықтау 	Қызыл, көк шар арқылы топқа бөлініп отырады Армысың, асыл күн! Армысың көк аспан! Армысың жан досым! Жылуыма жылу қос! Міне, менің қолым! Қима қағаздарда берілген сөздерде неше дыбыс, неше буын бар екенін айтып береді	Смайлик арқылы	Қима қағаздар
Сабақтың ортасы 15 минут	Жаңа сабақ «Мозайка» әдісі арқылы оқушыларға бүгінгі өтілетін М дыбысы мен әрпін түсіндіру  Суреттерді құрастырып қайдай сурет шыққанын айтып түсіндіру.   Қаламқас, қара! Мынау – мақта. Мақта ақ. Ол ыстық □ □ .	Оқушылар алдарында қиындалған қағаздарды құрап сурет құрастырады. Өтілетін жаңа дыбысы бар «мақта» сөзіне дыбыстық талдау жасайды: екі буынды сөз. «Мақта» сөзін «мақ-та» деп буынға бөліп, бірінші буындағы «м» дыбысын созып айтады. «М» дыбысын анық естиді. «М» дыбысының айтылу ерекшелігімен танысады.		Суреттер, оқулық Сызба

10 минут 138	Өтілетін жаңа дыбысы бар «мақта» сөзін бөліп алып, дыбыстық талдау жасау. Сөздегі жаңа дыбыстың орнын анықтау. «М м» дыбысының айтылу ерекшелігімен танысу. «Мақта қыз» ертегісі видеослайд көрсету  Дәптермен жұмыс. 1. Оқулықтағы «М» әрпінің таңбалануына назар аудару. «М» әрпін тақтаға жазып көрсету. «М» әрпін ауада жазып көрсету. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. Сергіту сәті	Оқушылар экраннан «Мақта қыз» ертегісін тамашалайды. Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды: сызықтарды бастырып жазу арқылы М әрпінің бас және кіші әрпін жазады. М әрпі кездесетін сөздерді көркем жазады.	Мақтау	Видеослайд Жазу дәптері  https://youtube.com/watch?v=U08N1QAnA8feature=shared
-----------------------------------	--	--	---------------	--

Қысқартылған соңы (10 мин)	Бекіту және саралау Екі топқа тапсырма беріледі. Тапсырмада бүгінгі өтілген сабақты қорытындылай отырып, тақтада М дыбысынан басталатын сурет ілінеді және оқушылардың алдына әріптер таратылады. Сол әріптерден тақтада тұрған суреттің атын тауып жазады.     Үйге тапсырма: М дыбысын оқып келу. Кері байланыс: «Ұялы телефонға лайк басу» яғни бүгінгі сабақты түсінгені және ұнағанын білдіру арқылы ақ және қызыл жүрекшелермен білдіру.	Оқушылар өздеріне берілген саралау тапсырмаларын орындайды. Тақтада берілген суреттердің атауын алдарында берілген әріптермен жазады. Оқушыларға ақ және қызыл жүрекшелер беріледі, яғни сабақта алған әсерлерін сол жүрекшелер арқылы білдереді.	Оқушылардың қолына сағат беріледі, яғни бүгінгі белсенді қатысқан оқушылар 8,9,10 балмен бағаланады.	Дауысты, дауыссыз әріптер кима қағаздармен беріледі. 
--	--	--	---	---